Мектеп оқушылары арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мектебімізде жүйелі түрде дәстүрлі іс – шаралар өткізілді. 1 –желтоқсан күні « Ішімдікке қарсымыз» атты акциясы өтті. Бұл акцияға 7-11 сынып оқушылары қатысты. Мектеп оқушылары арасында ішімдікке қарсы агитбригадалары өз бағдарламаларын көрсетті. Өзара ақпараттармен бөлісіп, талқыға салды. 23 қаңтар күні мектебіміздің Парламентінің кезекті отырысы өтті. Бұл отырыстың тақырыбы: «Зиянды әдеттердің алдын алу». Мақсаты: мектеп оқушыларының зиянды әдеттерден аулақ болуына ықпал ету, салауатты өмір салтын насихаттау; Отырысқа мектебіміздің 7-10 сынып Президенттері, орынбасарлары және белсенділері қатысты. Мектеп Парламентінің мүшелері отырысқа жақсы дайындықпен келіп, ортада жасөспірімдердің арасындағы зиянды ішімдіктер, электронды темекі жөнінде түрлі бейнероликтер, презентацияларды талқылады. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мектебімізде аталмыш фракциясының ұйымдастыруымен « Биле, биле» атты би сайысы өткізілді. Бұл би сайысына мектебіміздің 5-10 сынып оқушылары белсене қатысты. Сайыс шарттары: топ аты, ұраны, формасы, спорттық биі 5-7 минут болуы. Сайыстың әділқазы алқаларының құрамында: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Б.С.Смагулова мектебіміздің орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі: Г.М.Байдашева мектебіміздің жас ұстазы: Ж.Егинбаева және де мектебіміздің ең белсенді оқушысы Асылбек Серкибаев төрелік етті. Қазылар алқасының шешімі бойынша 5-ші сыныптар арасында 1-орын: 5Ә, 2-орын: 5А. 3-орын: 5Б; 6-шы сыныптар арасында: 1-орын: 6Ә, 2-орын: 6А сыныптары иеленді, 7-ші сыныптар арасында:1-орын: 7Б, 2-орын: 7А, 3-орын: 7Ә сыныптары. 8-ші сыныптар арасында 1-орын: 8А, 2-орын: 8Ә, 3-орын: 8Б сыныбы иеленді. 9-шы сыныптар арасында 1-орын: 9А, 9Ә, 2-орын: 9Б сыныптары ие болды. 10-шы сыныптар арасында 1-орын: 10Ә сыныбы иеленді. Барлық командалар арнайы грамоталармен марапатталды. Ал мектеп бойынша аталмыш сайыстың Бас жүлдесін «Батыл сайысы»

арқылы 9Ә сыныбының командасы жеңіп алды. Сайыс өте жоғары деңгейде өтті. Мектебіміздің әнші балапандары-Серикбаев Мади және Құрманғожина Дильназ әдемі ән шашуларын көрермендерге паш етті. Сонымен қатар оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамту мақсатында мектепшілік «Қауіпсіз дөңгелек» сайысы өткізілді, бұл сайыстың жеңімпаздары 4Б және 9А сыныптары -10 ақпан күні аудандық « Қауіпсіз дөңгелек» атты жол ережесі сайысына қатысып: 4Б сыныбының « Бағдаршам» командасы II – орын, ал 9А сыныбының « Жол қызметкерлері» III- орынға ие болып, арнайы тәтті сыйлықтармен және грамоталармен марапатталды.

Спорттық жетістіктер:

Салауатты өмір салтын сақтаунасихаттап, ұстану мақсатында жыл бойы мектебімізде оқушылардың спортпен айналысуларына барлық жағдай жасалды. Дене тәрбиесінің мұғалімдері спорттық секцияларын арнайы жоспарға сай жүргізді. Сонымен қатар сабақтарында әртүрлі әдістерді қолдану арқылы оқушыларды спортпен шұғылдануға қызықтыра білді. Соның нәтижесінде оқушыларымыз мектепшілік, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық сайыстарға белсенді қатысып, жүлделі орындарды иеленді. Атап айтсақ, Республикалық:

Ұлттық мектеп лигасы – Аудандық тоғызқұмалақ –I – орын: Қайырбай Санжар, Арыстанова Аружан, Қожақ Аружан, Сатбек Арсен;

II –орын: Ерлан Аяулым, Омаров Тамерлан, Амандық Балмекен, Арыстан Асылжан, Қасым Мейіржан, Қасым Саяжан;

2022-2023 қыркүйек күндері өткен Футбол ұлттық лигасы:

I – орын 11 сынып оқушысы Сағатов Таир;

3-ші қараша күні өткен аудандық волейболдан өткен сайыста мектеп мұғалімдері I – орынға ие болды. 7-ші қараша күні өткен аудандық «Үстел үсті теннисі» сайыста 9-11 сынып оқушылары: Калымсейтов Мадияр, Егеубаев Серхан, Жаксыбаева Ақбота II – орынды жеңіп алды.

15-18 қараша күндері өткен облыстық Шахмат ұлттық лигасында мектебіміздің оқушылары: Серкибаев Асылбек – 11 сынып және 9 сынып оқушылары: Бисаримов Қуат, Амантай Ерасыл, Адамова Гульмира I – орынға ие болды.

28 қазан күні өткен тоғызқұмалақ сайысында 9-11 сынып оқушылары арасында II – орын- Ерлан Аяулым, Мандық Балмекен, Омаров Темірлан, Жетпісбаев Әділбек.

Футзал: 4 ақпан күні өткен сайыста мектебіміздің 7-11 сынып оқушылары: А.Нарбутанов, О. Сұлтангазин, Е.Наухан, Р Саят, Д.Қадылұлы, Д.Ташетов, А.Салымов, Н.Төлеуханұлы командалық: II – орынды иеленді.

«Асық ату» жалпыкомандалық I – орынға иеленді.

10 наурыз күні өткен облыстық «Бес асық» сайысында: 5-6 сынып оқушылары- А.Абдуллина, Ш.Арманбек, З.Балғабаева II- орынға ие болды.

Көпсайыс: Облыстық: II –III- орын;

17-18 наурыз күні өткен адандық «Үстел үсті теннисі» сайысында 7-8 сынып оқушылары: Дәуіт Қожа-Ахмет, Дауылбай Қанат, Қалымсеит Айым II-орынға ие болды. Аудандық үстел үсті теннисі III-орын-5-6 сынып Жаңғожа Бекзат, Серикпай Елжас, Қуанышбек Қарақат. Аудандық «Бес асық» II-орын,.5-6 сынып Абдулина Айнұр, Арманбек Шашугұл, Балғабаева Зере. Аудандық асық атудан: Қалымсейтов Мадияр I-орын, Қадылұлы Дулан II-орын, Жарденбек Азамат III-орын, Байбосинов Аңсар III-орын.

Аудандық үстел үсті теннисінен ашық турнирде: Дауылбай Қанат I-орын, Егеубаев Серхан II-орын, Жаңғожа Бекзат I-орын;

Облыстық жасөспірімдер арасында өткен ашық турнирде Калымсейтов Мадияр II-орын, Дәуіт Қожа-Ахмет II-орын, Қалымсеит Айдос III-орын.

12 мамыр күні өткен аудандық «Жеңіл атлетикада» жарысына 9-шы сынып оқушылары:

М.Сақтаған , И.Солдат,А. Қайролла, А. Жетпісбаев, А.Мирабдулла, А.Садық, А.Шамшиденова, А. Бегалинова, А. Қайратқызы белсенді қатысып III – орынға ие болды. Ал 2-ші маусым күні өткен аудандық «Футзал» лигасы 7-8 сынып оқушылары арасында I – орынды иеленді.

Дене тәрбиесі мұғалімдерінің де жетістіктері өте жоғары. Атап айтсақ, Н.Е Нағашыбаев - Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм Алғыс хаты 2022жыл; Облыстық «Ұлттық лигасы» Алғыс хат -2022жыл; Сертификат категория «Д» футбол -2022жыл; Облыстық әдістемелік әзірлемелер-III-дәрежелі Диплом 2023жыл; Аудандық білім бөлімінің Алғыс хат -2022жыл;

Нығмет Ержан- Ақмола облысы білім басқармасы «Алғыс хат» -2022жыл; Облыстық «Ұлттық ойындар» –Алғыс хат -2022жыл;

Е.С.Булегенов- Аудандық білім бөлімі- «Мадақтама»-2022 жыл, Облыстық Спорт бөлімінің «Алғыс хат» -2022 ж. Аудандық мұғалім спортакиадасында: II – орын «Городки» -2023 ж

Оқушыларды спорт секцияларымен қамту мониторингі

Оқу жылы	Секция саны	Қатысқан оқушы саны	Пайызы
2022-2023	7 секция	512	87,2%

Үйірме жұмыстары

Мектебімізде жүйелі түрде арнайы жоспарға сай үйірмелер мен спорттық секциялары жұмыс жасайды. Үйірме жұмыстарының мақсаты: оқушылардың сабақтан тыс уақыттарын дұрыс ұйымдастыру және шығармашылық жұмыстармен айналысуына ықпал етеді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде оқушылар жаман әдеттерден арылып, өзін – өзі басқаруға, өз ортасында көшбасшы болуына, достасуға, өз қабілеттерін шындауға мүмкіндік алады. Оқушылар барлық үйірмелермен секцияларға өз қалауларымен белсенділік танытып қатысады. Оның ішінде ақылы спорттық секциялар: Баскетбол, футбол, үстел үсті теннис, тоғызқұмалақ. Биылғы оқу жылында мектепте 16 үйірме жұмыс жасады. Қатысқан бала саны: 513 бала. Атап айтсақ, «IT» үйірмесіне 5А сыныбының 12 оқушысы, 6А сыныбының 12 оқушысы, 7А сыныбының 12 оқушысы және 8А сыныбының 12 оқушысы қатысты, жетекшісі А.Т.Бекишев. «Адал Ұрпақ» үйірмесіне 5АӘБ, 6АӘБ, 7АӘБ, 8АӘБ, 9АӘБ, 10АӘ, 11АӘ сынып оқушыларынан 19 оқушы қатысты, жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Б.С.Жылгельдина. «Жас эколог» үйірмесіне 6АӘБ, 7АӘБ, 8АӘБ, 9АӘБ, 10А сыныптарынан 12 оқушы қатысты, жетекшісі биология пәнінің мұғалімі Г.Т.Шаяхметова. «Капели звонкие стихи» үйірмесіне 5АӘБ, 7АӘБ, 9АӘБ, 10АӘ сынып оқушылары қатысты, жетекшісі орыс тілі және әдебиеті мұғалімі Г.М.Байдашева. «Tasy english» үйірмесіне 3АӘБ, 5АӘБ, 6АӘБ, 7АӘБ сыныптарынан 12 оқушы қатысты, жетекшісі ағылшын пәнінің мұғалімі А.Т.Ақшулақова. «Айгөлек» вокалдық үйірмесіне 3АӘБ, 4АӘБ, 5АӘБ, 6АӘБ сыныптарынан 23 оқушы қатысты, жетекшісі музыка пәнінің мұғалімі Д.К.Туйқаева. «Школа лингвистов» үйірмесіне 5А сыныбының 15 оқушысы қатысты, жетекшісі орыс тілі және әдебиеті мұғалімі З.А.Тукушева. «» Жас сарбаздар үйірмесіне 10Ә, 11А сыныптарынан 10 оқушы қатысты, жетекшісі алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Қ.Қаз, «Нескучная грамматика» үйірмесіне 3ә сыныбының 15 оқушысы қатысты, жетекшісі орыс тілі және әдебиеті мұғалімі Г.К.Кульбаева. « Magic English» үйірмесіне 5А сыныбының 15 оқушысы қатысты, жетекшісі ағылшын тілі пәнінің мұғалімі А.А.Караулова. « Қызықты математика» үйірмесіне 9Ә сыныбының 10 оқушысы қатысты, жетекшісі математика пәнінің мұғалімі Б.Н. Исакова. « Happy English» үйірмесіне 4 А сыныбының 13 оқушысы қатысты, жетекшісі ағылшын пәнінің мұғалімі С.С. Ермекбаева.

2022-2023 оқу жылындағы үйірме жұмыстары және оқушылардың қатысуы

Үйірме түрі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Жауапты мұғалімдер

1	«IT» үйірмесі	5А 12 оқушы 9/3					Жунусова А.М.
2	«IT» үйірмесі		6А 12-оқушы 9/3				Жунусова А.М.
3	«IT» үйірмесі			7А 12-оқушы			Жунусова А.М.
4	«IT» үйірмесі				8А 12-оқушы		Жунусова А.М.
5	« Адал Ұрпақ»		15 – оқушы				Жилгельдина Б.С.
6	« Өлкетану»	10А 12 оқушы/3					Асқар Ерлан
7	« Жас эколог»			7Ә 10 оқушы 5/5			Шаяхметова Г.Т.
8.	« Капели звонкие стихов»		7 А 9-оқушы қ				Байдашева Г.М.
9.	« Tasy english»					2Ә 12- оқушы/6	Ақшолақова А.Т.
10.	« Айгөлек»					3-7 сынып 23 оқушы	Туйкаева Д.Қ.
11.	« Школа лингвистов»		5А 15оқушы/8				Тукушева З.А.
12.	« Жас сарбаздар»			10 Ә 5 –оқушы Ұ 11А 10 – оқушы/5қ			Қаз Қ.
13.	«Нескучная грамматика»			3Ә 15 – оқушы/11			Кульбаева Г.К.
14.	« Magic English»	5 А 15- оқушы/8					Караулова А.А.
15.	«ҚЫЗЫҚТЫ математика»					9 Ә 10 оқушы/5	Искакова Б.Н.
16.	« Happy English»		4 А 13 оқушы/8				Ермекбаева С.С.

4.7. Өмір қауіпсіздік негіздері.

Мектеп оқушыларының « Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы жүргізу міндетті болып табылады. Осыған орай 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты « Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылды. Сонымен қатар 5-9 сыныптарында 15 сағаты «Дене шынықтыру» пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылады. 10-11 сыныпта « алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 16 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы- ұйымдастырушысының оқытуымен жүзеге асырылды. Сонымен қатар сынып жетекшілері сынып сағаттары барысында , сабақтан тыс іс – шаралар арқылы жүзеге асырды.

4.8 « Жолда жүру қауіпсіздігі ережелері» оқу курсы

2022-2023 оқу жылында « Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарында әр бір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды және « Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 5-8 сыныптарында сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді. Сынып сағаттары аудандық білім бөлімінің шешімі бойынша әр аптаның сәрсенбі күні 1 сабақта өткізілді.

1 сыныптар	07.09, 05.10, 07.12, 11.01, 15.02, 15.03.
2 сыныптар	07.09, 05.10, 07.12, 11.01, 15.02, 15.03.
3 сыныптар	07.09, 05.10, 07.12, 11.01, 15.02, 15.03.
4 сыныптар	07.09, 05.10, 07.12, 11.01, 15.02, 15.03.
5 сыныптар	14.09, 12.10, 14.12, 18.01, 22.02, 16.03.
6 сыныптар	14.09, 12.10, 14.12, 18.01, 22.02, 16.03.
7 сыныптар	14.09, 12.10, 14.12, 18.01, 22.02, 16.03.
8 сыныптар	14.09, 12.10, 14.12, 18.01, 22.02, 16.03.

Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығы

1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау

"№7 жалпы білім беретін мектеп" КММ-де Бастауыш, негізгі, орта буындағы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдері сақталады. Бұйрыққа сәйкес сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығы және оқу жылындағы демалыс уақытының ұзақтығы ескеріледі:

- бастауыш сыныптарда бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру-төрт жыл;
- 5-9 сыныптарда жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі-бес жыл;
- 10-11 сыныптарда жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі-екі жыл.

Білім алушылардың сабақ режимі:

1. Оқу жылы бірінші қыркүйектен басталып оқу жоспарына сәйкес аяқталады;
2. Мектеп екі демалыс күнімен бес күндік оқу аптасының кестесі бойынша жұмыс істейді;
3. Сабақтардың тәртібі, сабақтардың ұзақтығы және олардың арасындағы үзілістер сабақ кестесімен және директор бекітетін күн тәртібімен белгіленеді және ата-аналар жұртшылығымен келісіледі.

2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы

каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

Оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдері жыл сайын ҚР БҒМ 31.08.2022 жылғы № 215 "2022-2023 оқу жылына арналған орта білім беру ұйымдарында каникул кезеңдерінің басталуын, ұзақтығын және ұзақтығын айқындау туралы" бұйрығымен бекітіледі.

1) 2022 - 2023 оқу жылының басталуы - 2022 жылғы 1 қыркүйек;

2) 1 сыныптарда оқу жылының ұзақтығы – 35 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 36 оқу аптасы. Мереке күндеріне түскен сабақтар қайталауға бөлінген сағаттар есебінен оқу бағдарламаларының мазмұнын интеграциялауды ескере отырып, келесі күндерге ауыстырылады;

3) оқу жылы ішіндегі каникулдық кезеңдер:

- 1-11 сыныптарда: күзгі–7 күн (2022 жылғы 31 қазаннан бастап 6 қарашаны қоса алғанда), қысқы–9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсаннан бастап 2023 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурызды қоса алғанда);

- * бірінші сынып оқушылары үшін қосымша демалыс–7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында қоса алғанда).

5. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәлімет.

Қазіргі таңда оқу үдерісіне 18 компьютер, 98 ноутбук, 12 планшет қамтамасыз етілген. Жаңа модификациялық кабинетермен физика-2, химия, биология, робототехника, IT оқу бөлмелері жабдықталған. Кең жолақты интернет жылдамдығы 20 мб/с.

«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

5.1 Материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлердің болуы, оқу зертханаларының, оқу пәндік кабинеттердің және оқытудың техникалық құралдарының болуы туралы мәліметтер.

Тосқауылсыз ортаның болуы: пандус, тактильді жолдар.

Мектепте мүмкіндігі шектеулі балалар мен ерекше педагогикалық жағдай жасалған. Мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар контингентіне сәйкес арнайы жағдайлар жасалған, оның ішінде мектептің кіре берісте пандус орналастырылған, сонымен қатар, «Өзгерістер жолы әркімге лайықты өмір» бағдарламасы аясында мектепте бірінші қабатына, сатыларға, бірінші қабаттың дәретханаларына тактильді жолдар салынды. Мектепте сатылары мен дәретханаларына арнайы тұтқалар және белгілер қойылған. Мектептің кіре беріс есіктері мен дәретхана есіктерінің өлшемдері 90 см құрайды. Кедергісіз орта: пандус, арнайы шақыру үшін қоңырау орнатылған. Мүмкіндігі шектеулі ерекше педагогикалық назарды талап қажет ететін балаларға кезектен тыс қызмет көрсетіледі.

Қолайлы жағдай және қауіпсіз орта жасау:

Мектеп ғимараты сыртқы және ішкі бейне бақылаумен, түтін детекторлары бар өрт дабылдарымен және дауыстық хабарландырулармен жабдықталған. Білім алушыларға қолайлы жағдай және қауіпсіз орта жасау мақсатында мектеп бойынша қазіргі таңда 26 бейне бақылау камерасы орнатылды. Оның ішінде сыртқы 9 бейне бақылау камерасы, 17 бейне бақылау камера мектептің ішінде. Барлық бейне бақылау камералары қойылатын талаптарға сай орнатылған. Істен шыққан камералар жоқ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы №305 қаулысы негізінде сыртқы және ішкі бейнебақылау жүйесі оқу бөлмелерінде, асханада, спорт залында, мектептің қоғамдық орындарында және мектеп орындарында және мектеп аулаларында оқушылардың қайуісіздігін қамтамасыз етуге, бөгде адамдардың келуіне жол бермеуге мүмкіндік береді. Бақылау жүйелерінің жұмысына жауапкершілік директордың ШІЖ орынбасарына жүктеледі, ол күн сайын таңертең бейнекамераның жазбаларын қарайды. Адамдар көп жиналатын орындарда балаларды бақылау және қадағалу үшін директордың және директордың орынбасарының қабылдауында, сондай-ақ вахтада жеке орын орналастырылған.

Жұмыстан шыққан бейнебақылау камералары жоқ, камералардан алынған ақпарат бір ай бойы сақталады. Барлық камералар жұмыс істейді.

Ұрлық, құқық бұзушылық фактілері болған жоқ. Мемлекеттік органдар тарапынан (Ішкі істер және төтенше жағдайлар департаментіне мониторинг жүргізгені үшін) айыппұлдар болған жоқ.

5.2 Білім беру ұйымының ғимаратына кіруді бақылауды ұйымдастыру:

Мектеп ғимаратына кіруді бақылауды ұйымдастыру шаралары негізінде қауіпсіздік талаптарына сай турникет орнатылған. Төтенше жағдайлар (авария, өрт, дүлей апат, шабуыл, терроистік акт) кезіндегі дабыл және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар туралы жедел хабардар етуге (жарықпен және (немесе) дыбыстық хабарлауға) арналған техникалық құралдар жиынтығы бар. Жаңа хабарландыру жүйесі іске қосылды. Мектеп ғимаратына кіруді міндеті күзетшілерге жүктелді. Бұл қызметкерлер мектеп аумағына мектеп ғимаратына рұқсат етілмеген тұлғаларды (келушілерді тіркелу журналы жүргізіледі) нақты нұсқауларды басшылыққа алады. Дабыл қағу түймесі бар, ол ЖШС «Охрана-С» фирмасымен келісім шартқа сай қойылған. Мектеп ЖШС «Нұр-Сақшы» күзет фирмасымен келісім шартқа сай жұмыс жасайды. Бейнебақылау жүйесі өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыратын, бейне деректерді жазу мен сақтаудың бағдарламалық және техникалық құралдарының, сондай-ақ бағдарламалық және техникалық басқару құралдарының жиынтығы бар.

Ғимаратқа кіруге жауапты қызметкерлерден бөлек киім ілгіште қызмет көрсететін штаттық лауазымдарының болуы.

5.3 Оқу-тәрбие процесі кезінде білім беру ұйымының аумағында білім алушылардың/тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің денсаулығына зиян келтіруге әкеп соққан тіркелген жарақаттану жағдайларының болуы.

Оқу-тәрбие үрдісінде білімалушылар мен қызметкерлердің денсаулығына зиян келтіретін жарақаттар жағдайы болған жоқ.

5.5 Санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкес келетін тамақтану объектісі болуы туралы мәлімет

Әдістемелік ұсынымдарға 11-қосымшасына сәйкес санитариялық мен нормаларға сәйкес келетін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер:

Білім беру ұйымының орналасқан нақты мекен-жайы – Ақмола облысы, Атбасар қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі 13.

Тамақтану объектісінің атауы – асхана.

Ауданы – 31,39 м²

Сыйымдылығы: 60

Орындық саны: 60

Тамақтану объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды 2015 жылы 27 наурызда №6-2-54/56 номермен жасалған.

2022-2023 оқу жылы бойынша келісім шарт Жеке кәсіпкер Абишева Сауле Базыловнамен жасаланып, мектеп асханасында осы жылдары 3 қызметкер жұмыс жасады.

6. 2020 - 2023 оқу жылдарына кітапхана қызметінің талдауы

Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы. Егемен еліміздің ертеңі болар жас ұрапқтың білімін кеңейтіп, біліктілігін арттыруда мектеп кітапханасының да рухани қазына екені рас. Ол - мектептің жүрегі, ажырамас бір бөлігі іспетті. Мынау келген жаңа заман – компьютер заманы болғанымен, рухани азық іздеген, көзі ашық, көкірегі ояу әр баланың бір қасиетті қара шаңырағы - кітапхана. Кітап - біздің рухани құндылығымыз, теңдесі жоқ байлығымыз. Өткен замандардың тереңінен сыр шертетін тарихы да, әдебиеті де осы кітап арқылы жетіп отырады.

1. Кітапхананың міндеттері:

- Педагогикалық ұжыммен бірігіп тұлғаны жан-жақты дамытуға бағдарлау;
- рухани адамгершілік және патриоттық тәрбиеге бағытталған жұмыс түрлерін көптеп жүргізу;
- оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыруға тәрбиелеу. Оқу мәдениетіне және кітапхананың қызметін пайдалана білуге баулу. Өзіндік білім алуды, мектеп оқушыларының бойында жүйелі түрде қажеттілікті, шығармашылықпен ойлауды, танымдық мүдделері мен қабілеттерін қалыптастырып, дамыту;
- оқырмандардың шығармашылық ойлауын, танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін дамыту;
- мектеп оқушыларын бәсекеге қабілетті, бағдарламаның жаңарту жағдайына сәйкес тәрбиелеу;
- оқырмандармен жұмыстың түрлері мен әдістемелерін жетілдіру, оқырмандарға ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсетуді жақсарту.

2. Педагогикалық ұжымға және оқушыларға кітапханалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру. Оқырмандарды жүйелі оқуға тарту.

- оқушыларды 100 % оқулықпен қамту. Оқушыларды жүйелі түрде оқуға жұмылдыру, мектептің педагогикалық қызметкерлеріне және өзге де жұмыскерлеріне қызмет көрсету.

Ол үшін:

- кітапханада экскурсиялар өткізу;
- оқушылармен жеке жұмыс жасау;
- берешегі бар балалармен жұмыс жас

3. Кітап қорын жинақтау, ұйымдастыру. Қормен жұмыс.

Оқулықтардың сақталуы:

- жылына екі рет мектеп кітапханасы үшін газет-журналдарға жазылу;
- оқулықтарға тапсырыстар рәсімдеу;
- кітапхана қорын ескірген әдебиеттерден тазарту;
- кітапхана қорына түскен жаңа кітаптарды есепке алу, өңдеу (қабылдау, мөрлеу, түскен кітаптарды сыныптар бойынша тіркеу, білім салалары бойынша орналастыру);
- 1-11 сыныптарда оқулықтардың сақталуы бойынша рейдтер өткізу;
- «Кітаптар емханасы» кітаптарды жөндеу;
- берешегі бар балалармен жұмыс;
- айына бір кітапханада тазалық күнін өткізу.

4. Оқырмандармен жұмыс:

- оқушыларға мектеп оқулықтарын беру;

- мектепке жаңадан келген оқушыларды мектеп кітапханасына жазу, оқырмандарды қайта тіркеуден өткізу;
- «Қазақстан халықтарының мәдениеті мен дәстүрлері», тарихы, ұлттық мәдениеті және салт – дәстүрлері туралы әдебиеттерді насихаттау;
- оқу-тәрбие жұмысына көмекші барлық білім салалары бойынша әдебиеттерді насихаттау;
- оқушылардың оқырмандық мүдделерін және олардың жеке басының ерекшеліктерін зерттеу;
- оқушылардың өзіндік жұмыстарына жетекшілік жасау, ұсыныс-кеңестер өткізу;
- педагогикалық ұжымға жаңадан келіп түскен әдебиеттер және жаңа буын оқулықтар жөнінде хабарлама беру;
- атаулы күндерге, естелік оқиғаларға тақырыптық сөрелер мен кітап көрмелерін әзірлеу;
- сыныптан тыс іс-шаралар өткізу;
- кітапхана бөлімдерін насихаттау.

Көркем әдебиеттің қоры оқырмандарға ашық қолжетімді. Орналасуы жасына қарай жасалды (мектеп кітапханаларға арналған ББК кестелерімен сәйкес).

Іс шараның мақсаты : Балаларды кітап оқуға баулу, мұғалімдерге кітап оқу мәдениеті мен техникасына көмектесу.

Педагогикалық ұжыммен жан-жақты тұлғаны тәрбиелеуге, рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беруге, салауатты өмір салтын, экологиялық және құқықтық мәдениетті насихаттауға ықпал ететін іс-шаралар бірлесіп өткізілді.

Атаулы күндер бойынша іс-шаралар өткізілді, тақырыптық сөрелер, виртуалды және кітап көрмелері рәсімделді: Қазақстан халықтарының тілдері күніне орай кітапханада "Тіл – достық көпірі" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Жыл бойы "Бәрін таста, оқи баста" онлайн – оқулар, "Бук кроссинг! Бұл қалай жұмыс істейді?». Қазақ жазушысы, ағартушы Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жыл толуына орай кітап көрмесін ұйымдастырды. Кітапханада "Сіздер үшін балалар – жаңа кітаптар" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Халықаралық мектеп кітапханалары күніне орай белсенді оқырмандармен "Заманауи мектеп кітапханалары" атты тақырыптық ақпараттық сағат өткізді. 1-сынып оқушыларымен "Сәлеметсіз бе, кітап үйі" кітапханасына экскурсиялар өткізілді. Балалар жазушысы С. Я. Маршактың мерейтойына орай 4- сынып оқушылары арасында ақынның "Маршак салған үй" өлеңдері бойынша мәнерлеп оқу челленджін өткізді. Бала жылы бастауыш сынып оқушыларымен "кішкентай азаматтың құқықтары" ақпараттық сағатын өткізді. Қазақстанның Халық жазушысы Ғабиден Мұстафиннің туғанына 120 жыл толуына орай орта сынып оқушыларына жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы айтып берді. 5-7 сынып оқушылары арасында "Жазушы мерейтойлары" үздік букет, балалар жазушысы Э.Н. Успенскийдің мерейтойына орай бастауыш сынып оқушыларымен викторина-ойын өткізді. Кеңес жазушысы А. Бектің мерейтойына орай орта сынып оқушыларымен "Волоколамское тас жолы" әдеби бенефисін өткізді. 2-3 сынып оқушылары арасында Чарльз Перроның ертегілері бойынша суреттер байқауы өтті. Қазақ жазушысы Ілияс Есенберлиннің туған күніне орай тұсаукесер өтті. Жоғары сынып оқушылары арасында "Кітапханаға кітап сыйла" акциясын өткізді сонымен қатар рейлер байқауы өтті. 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай кітап көрмесін ұйымдастырды. Орыс жазушысы М. М. Пришвиннің туған күнінен бастап 150 литийге дейін 4-сынып оқушылары жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы айтты. Кітапханашы Халықаралық әйелдер күніне орай кітап көрмесін ұйымдастырды. Балалар жазушысы С. Михалковтың туған күніне орай тұсаукесер дайындады. Наурыз мерекесіне орай кітап көрмесі ұйымдастырылды. Ғ. Мүсіреповтың туғанына 120 жыл толуына орай тұсаукесер дайындады. 1-сынып оқушылары аудио кітапты тыңдады. 3-сынып оқушыларымен "Читалия еліндегі шытырман оқиғалар" атты әдеби квест өткізді. 2-сынып оқушыларымен "Белгісіз жолдарда" викторинасын өткізді.

Қазақстан Халықтарының Бірлігі күніне орай тақырыптық сөре рәсімделді. Жеңіс күніне орай "естелік жолымен" тұсаукесер дайындадым. "Әдеби жаз" оқуға арналған ұсыныстар.

6. Белсенділермен жұмыс:

- кітапханада көпшілік іс-шаралар өткізген кезде, берешектері бар балалармен жұмыс жасауға, оқулықтарды жөндеуге белсенділерді жұмылдыру.

7. Кітапханашының біліктілігін арттыру.

Мектеп кітапханашылары аудандық семинарларына қатысу. Өзіндік білім алумен айналысу. Өзге кітапханашылармен өзара байланыста болу, тәжірибе алмасу.

Кітапхана көрсеткіштері.

Оқу жылы	Оқырмандар саны	Келу саны	Кітап беру
2020-2021	510	3150	6310
2021-2022	515	3152	6320
2022-2023	535	3280	6475

Кітап қорының көрсеткіштері

Оқу жылы	Кітапхананың жалпы қоры	Оның ішінде оқулық саны	Көркем әдебиет	Пән мұғалімдеріне арналған оқу әдістемелік кешендер, брошюралар, газет-журналдар	Электрондық оқулық
2020-2021	8737	8177	542	18	
2021-2022	9450	8865	572	13	
2022-2023	11322	10176	1137	9	

Кітапхананың материалдық- техникалық базасы: 4 темір стеллаж, 4 кітап көрмесіне арналған сөре, 3 ноутбук, телефон-жоқ, үстел шамы -жоқ, Интерактивті тақта жоқ, түрлі-түсті принтер жоқ, интернет Wi-Fi қосылған. Кабинет - 1, кресло - 1, шкаф – 2, құжаттарға арналған шкаф – жоқ, есігі бар, компьютерлік үстел – жоқ, каталог – жоқ

7. Білім алушылардың білімін бағалау

9,11 сынып оқушыларының қорытынды аттестациясы

Оқу жылындағы ең маңызды жұмыс нәтижелерінің бірі 9 және 11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау болып табылады:

9 сыныптар

Пән	Оқушылар саны	«5»	«4»	«3»	«2»	% сапа
Қазақ тілі	46	21	13	12		74
Математика (алгебра)	46	14	26	9		80
Орыс тілі мен әдебиеті	46	29	11	6		87
Таңдау бойынша пән	46	21	21	4		94

11 сыныптар

Пән	Оқушылар саны	«5»	«4»	«3»	«2»	% сапа
Қазақ тілі	23	10	13			100

Алгебра және анализ бастамалары	23	9	12	2		91
Орыс тілі мен әдебиеті	23	11	10	2		91
Қазақстан тарихы	23	14	9			100
Таңдау бойынша пән	23	6	17			100

9,11 сынып оқушыларының барлығы мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан сәтті өтті. Үміткерлер Исасеитова Алина және Нурдыбек Айдана "Алтын белгі" аттестатын алуға білімдерін растады және 2 түлек жалпы орта білім беру курсы үшін Үздік аттестат алды.

9 сыныптың 12 түлегі негізгі орта білім курсы үшін Үздік аттестат алды

Бірыңғай Ұлттық тестілеудің қорытындысы

2022-2023 оқу жылының басында 11-сыныптың 25 түлегі. Қаңтар, наурыз, мамыр, маусым айларында түлектер үшін Ұлттық бірыңғай тестілеу ұйымдастырылды. Тестілеу нәтижелері бойынша нәтижелердің мониторингі

айлар	Түлектер саны	Орташа балл
қаңтар	21	72
наурыз	25	64
мамыр	25	67
мауысым	25	

ҰБТ қорытындысы бойынша орташа белл көрсеткіші

Пәндер атауы	Орташа балл
Қазақстан тарихы	31
Математикалық сауаттылық	23
Оқу сауаттылығы	31
Химия	17
Математика	25
Биология	17
Дүниежүзі тарихы	16
Ағылшын тілі	19
Физика	18
География	20
Құқық негіздері	21
Информатика	31

2022-2023 оқу жылында 25 түлек, маусым айындағы ҰБТ (грантка қатысу үшін) 25 түлек тапсырды, бұл түлектердің жалпы санының 100 %-і құрайды. ҰБТ тапсыру міндетті 3 пәнді (оқу сауаттылығы, Математикалық сауаттылық, Қазақстан тарихы) және 9 іріктемелі бейіндеуші пәнді көздейді. Түлектер бейінді оқу пәндерін таңдады-химия, математика, физика, география, биология, құқық негіздері, ағылшын тілі, информатика, дүниежүзілік тарих. Маусым ҰБТ қорытындысы бойынша мектеп бойынша орташа балл- .

1) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау

Формативті бағалау-сыныптағы күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі білім алушылардың үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқу барысында білім алушы мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, білім алушы мен педагог арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Формативті бағалау, оның ішінде үй жұмысы білім алушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізуіне мониторинг жүргізу және сабақта сараланған жұмысты одан әрі құру үшін жүргізіледі және педагогтың ұсынымдары арқылы жазбаша нысанда (дәптерлерде немесе күнделіктерде) немесе ауызша жүзеге асырылады. Сабақта формативті бағалау кезінде мұғалім кері байланыс жасайды. Педагог білім алушылардың санын, кері байланыс беру нысаны мен жиілігін дербес анықтайды.

Формативті бағалау үшін ең жоғары балл 2-11 сыныптарда 10 балдан аспайды, бұл ретте 1-3 балл төмен деңгей критерийлеріне сәйкес келеді, 4-7 балл - орта деңгей, 8-10 балл - жоғары деңгей.

Уақытылы, кестеге сәйкес бөлімдер бойынша жиынтық бағалау жүргізілді және әр тоқсанның қорытындысы бойынша негізгі пәндер бойынша 2-10 сыныптарда бастауыш сыныптарда әр тоқсан сайын оқу дағдылары тексерілді. Жиынтық бағалауды жүргізудің мақсаты: оқу тоқсанының соңында пәндік құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейін анықтау, одан әрі жұмыс істеу үшін білім алушылармен сараланған және жеке жұмысты ұйымдастыру арқылы білім беріктігіне қол жеткізу жолдары мен құралдарын белгілеу. Оқу жылындағы жиынтық бағалау нәтижелерін талдау көрсеткендей, 2-11 сынып оқушылары бағдарламалық материалды жақсы деңгейде игереді, тиісті пәндік құзыреттіліктер қалыптасады.

8. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

1. Білім беру сапасын арттыру мақсатында әр баланың қолжетімді және сапалы білім алу құқығын іске асыру үшін әр мұғалім мен сынып жетекшісінің жауапкершілігін арттыру.
2. Оқушылардың оқу мотивациясын арттыру мақсатында мұғалімдердің тиімді оқыту технологияларын қолдануын зерттеу.
3. Мектептің педагогикалық ұжымы оқыту сапасын арттыру бойынша жүйелі жұмысты жалғастырсын, оқыту сапасын төмендетпесін, сараланған тәсілді қамтамасыз етсін, әр оқушының жеке қабілеттерін дамытудың заманауи әдістемелері мен технологияларын қолдансын, дарынды оқушылармен жұмысты күшейтсін.
4. Мұғалімдердің тәжірибесін анықтауды, қорытындылауды және таратуды қолға алу.
5. Мектеп мұғалімдері оқытудың сапасын арттыру мақсатында жұмыстың неғұрлым тиімді әдістері мен тәсілдерін пайдалану жөніндегі іс-әрекетке интроспекция жүргізсін
6. Кәсіби шеберлік конкурстарына белсенді қатысу.
7. Отырыстарды өткізу нысандарын әзірлеу (коучинг, мастер-класс, семинар-практикум, дөңгелек үстел, іскерлік ойындар)
8. Сабақта және сабақтан тыс уақытта олимпиадаларға, конкурстарға, жобаларға дайындық бойынша бақылауды күшейту.
9. Тәлімгерлік жүйесін дамыту және жетілдіру.
10. Әріптестердің арасында мұғалімдердің өзара сабаққа қатысу бақылауын күшейту
11. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда олардың мүмкіндіктерін барынша пайдалану мақсатында кабинеттерді қазіргі заманғы талаптарға сәйкес оқу-әдістемелік жарақтандыру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

9. Қорытындылар мен ұсыныстар

Өзін-өзі бағалау материалдарының қорытынды талдауы "Ақмола облысы білім

басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі жанындағы Атбасар қаласының № 7 жалпы білім беретін мектебі" КММ-нің 2022-2023 оқу жылындағы барлық бағыттар бойынша қызметін көрсететін бөлімдер бойынша жасалды. Мектептің өзін-өзі бағалау жөніндегі аттестаттау комиссиясы педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие және ғылыми- әдістемелік жұмысының нәтижелілігіне терең өзіндік талдау жүргізді.

Өзін-өзі бағалау материалдарына сараптама жүргізе отырып, "Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі жанындағы Атбасар қаласының № 7 жалпы білім беретін мектебі" КММ сараптау комиссиясы:

1) оқу - тәрбие процесі мен әдістемелік жұмыс ҚР Білім беру мекемелерінің қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына, мектеп Жарғысына, жергілікті актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Оқу-тәрбие процесі ҚР МЖМБС және оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған.

2) білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарлары, сабақ кестелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің МЖМБС талаптары мен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес және қолда бар 8170) (бағаланатын кезеңдегі оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестесінің көшірмелері қоса беріледі);

3) инвариантты компонент, вариативті компонент және таңдау бойынша курстардың жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрықтарымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер, вариативті компонент пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады;

4) бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталады және оқу жүктемесінің жалпы көлеміне сәйкес келеді

инвариантты және вариативті болып табылатын білім алушылардың жүктемелері, сондай-ақ ТБО

белгілеген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемелері;

5) педагогикалық ұжым тұрақты, білікті. Курстық қайта даярлаудың перспективалық

жоспары бар және іске асырылуда.

6) тәрбие жұмысын іске асыру білім алушылардың субъективті жаңа білімді білуі мен игеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған, білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру арқылы іске асырылады (көшірмелері қоса беріледі бағаланатын кезеңдегі тәрбие жұмысының жоспарлары, бағаланатын кезеңдегі қосымша сабақтар кестесінің көшірмелері, оның ішінде спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері);

7) сыныптар бойынша оқу мерзіміне, оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы демалыс уақытының ұзақтығы Қазақстан Республикасының БҒМ бұйрықтарына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығының барлық өлшемдері бойынша мектептің 2022-2023 оқу жылындағы жұмысын талдағаннан кейін. 05.12.2022 жылғы № 486 "білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау шеңберінде Комиссия білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына №2, №4 қосымшаларға сәйкес мектептің жұмысын бағалады "төмен" бағасына бағаланады, өйткені бастауыш білім беру ұйымының қызметіне қойылатын біліктілік талаптары, вариативті компонент пен үйірме жұмысын ескере отырып, негізгі орта және жалпы орта білім толығымен орындалады.

Өзін-өзі бағалау қорытындысын комиссия 2023 жылғы 23 маусымдағы жоспардан тыс педагогикалық кеңестің отырысында қарады және білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілді.

Өзін-өзі бағалау қорытындысы қамқоршылық кеңестің отырысына, басшының өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы баяндамасына қаралды

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
4-қосымшасы

Бағалау парағы
«Ақмола облысы білім басқармасының Ақбасар ауданы бойынша білім бөлімі Ақбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(білім беру ұйымының атауы)

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны	Балдары
1	Тіісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	80 %-дан төмен	2
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	80 %-дан төмен	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100	5
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабықтармен және жиһазбен жаратандырылуы	80 %-дан төмен	2
5	Ерекше білім беруіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	80 %-дан төмен	2
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік	100	5

<p>құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету</p>			
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)		
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау		
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау		
	Баллардың жалпы сомасы		18



Мектеп директоры: **Н.Алқенова**

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
4-қосымшасы

Бағалау парағы
«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(білім беру ұйымының атауы)

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	94	3
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	80 %-дан төмен	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	96	4
4	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	83	5
5	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-шеберлердің негізгі орта педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	61	5

6	Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жаратандырылуы	95	4
7	Ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар алаңдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу)	96	4
8	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі	100	5
9	Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде)	80 %-дан төмен	2
10	Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау)		
11	Білімалушылардың сауалнама нәтижелерін талдау		
12	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау		
13	Ата-аналардың (занды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау		
Балалардың жалпы сомасы			34



Мектеп директоры: Н.Алкенова

